5.5.2 Қардан қорғанудың тұрақты құралдарына орман жолына жанасқан қарды жібермейтін отырғызулар, тоғайлар, дуалдар, құрылыстар, жол арқылы қарды өткізуді болдырмайтын немесе азайтатындар және т.с.с. жатады.

Қардан қорғалудың уақытша құралдарына ағаш тақтайшалардан жасалған қалқандар, синтетикалық материалдардан жасалған торлар және басқа да арнайы құрылымдар, сондай-ақ қысқы кезеңде ұйымдастырылатын қарлы орлар жатады.

5.5.3 Қарды жібермейтін отырғызуларды, қалқанды және өзге де арнайы құрылымдарды, қарлы орларды орнату, [2] сәйкес және автомобиль жолдарын қысқы күту Жоспары бойынша жүзеге асырылады.

5.5.4 Қарды жібермейтін отырғызуларды күту және орнату [2] сәйкес жүзеге асырылады.

## **5.6 Қысқы тайғанақпен күресу**

5.6.1 Жолда пайда болатын қарлы-мұзды шөгінділер өзінің физикалық күйлеріне және сыртқы белгілеріне байланысты, келесі түрлерге бөлінуі мүмкін (6-кесте): күпсек қар, нығыздалған қар (төсеме), шыны тәрізді (жылтыр) мұз. Тайғақтықтың осы сипатты түрлерімен күресу кезінде әр түрлі технологиялық операциялар мен материалдарды бөлу нормалары қолданылады.

## 6-кесте – Қарлы-мұз түзінділердің физика-механикалық қасиеттері

Қар жамылғысының сипаттамасы	Тығыздығы, т/м <sup>3</sup>	Қаттылығы, МПа	Кесуге меншікті кедергі, МПа
Өте күпсек, жаңа жауған қар	0,01-0,20	0,02	0,001
Күпсек, нашар нығыздалған, жаңа жауған үйме	0,22-0,30	0,02-0,10	0,005-0,01
Нығыздалған, жаңа жауған	0,30-0,40	0,20-0,40	0,01-0,02
Ескі, жатып қалған	0,48-0,52	0,40-0,50	0,025-0,08
Ұсақ түйірлі көшкінді, нығыздалған төсе	0,55-0,70	0,50-0,70	0,1-0,5
Қарлы-мұзды төсе	0,70-0,95	–	1,0-2,5

5.6.2 Жерге жақын ауаның жоғары ылғалдылығы және  $-5\text{ }^{\circ}\text{C}$  –қа дейінгі теріс температурасы кезінде, қатпаған су диаметр 2 мм-ге жуық тамшылар түрінде ұсталып тұрады. Ауаның неғұрлым суық болғандығынан, қатпаған бөлшектерінің диаметрлері соғұрлым кіші болады:  $t_{\text{в}}=-10\text{ }^{\circ}\text{C}$ - кезінде ауада сіркіреме — бөлшектерінің диаметрі 0,3 мм жуық қатпаған бу тәрізді су пайда болады;  $t_{\text{в}}=-30\text{ }^{\circ}\text{C}$ - кезінде, бу тәрізді ылғал өзімен аса суытылған тұманды көрсетеді.

5.6.3 Пайда болу сипаты бойынша автокөлік жолдарының мұз басуларын бес топқа ажыратады.

Тайғақтықтың бірінші тобына жататын, шыны тәрізді мұзды жіңішке пайда болулардың жылдамдығы, жол төсемі қабаттарының және жер төсемесіндегі жылу алмасу үрдістеріне байланысты болады. Бұл ретте жол құрылымдарында жылу алмасу үрдісі неғұрлым жоғары болғанымен, олардың денелерінде ылғалдың қатуы соғұрлым баяу жүреді. Мұзды пайда болу қабатының қалыңдығы осындай жағдайларда, 1 мм-ден 2-3 см-ге дейін ауытқиды және бұдырлық, жамылғысы тегістігінің текстурасына, сондай-ақ жамылғы бетінің үстіндегі судың көлеміне (ылғал) байланысты болады. Осындай тайғақтықтың түрі өте төмен ілініс (0,08-0,15 шамамен) коэффициентімен және оның жамылғы алаңында пайда болу құрылымымен, шыны тәрізді мұздың біртектілігімен сипатталады. Осындай тайғақтық түрінің тығыздығы 0,9 т/м<sup>3</sup>-дейін жетеді.

Екінші топқа жамылғылардың радиациялық салқындатулары кезінде, шық температурасынан төмен қыраудың ауасынан және пайда болуынан су буының кристаллдануы нәтижесінде, құрғақ бетінде пайда болатын тайғақтық түрлері жатады. Қырау пайда болуының температуралық диапазоны  $-7$ -ден  $-40\text{ }^{\circ}\text{C}$ -дейін ауытқиды. Жылудың кері балансының орны бар кезде ашық желсіз ауа райы кезінде, ауаның қатысты ылғалдылығы кезінде 80-100 % қырау пайда болуы мүмкін. Бұл ретте жауын-шашындар болмайды.

Үшінші топқа нәтижесінде қатты қатпар пайда болатын, жамылғыға, температурадан төмен суытылған судың қатуына түсетін жауын шашындардың қатуы кезінде туындайтын сол тайғақтықтың түрлері жатады.

Қатпар қиыршықты және мұздық болып бөлінеді. Қиыршықты қатпар жылымық басында тұманнан ылғалдың суытылған жамылғысына қату кезінде пайда болады және беті бұдырлы мұзды қабыршақ құрылады. Мұзды қатпар қысқа мерзімді жаңбыр немесе ауа температурасы минус 2-3 оС-астам суытылған жамылғыда сіркіремелер кезінде су тамшыларының қатуынан құралады. Ұзақ жаңбыр жамылғылардың үстіңгі кабаттарының қыздырылуына әкеледі және су тамшылары қатпайды.

Төртінші топқа жамылғыға суытылған су тамшылары түскен кезінде туындаған сол пайда болулардың түрлері жатады. Сұйық фаза құрғақ немесе дымқыл жамылғысында, жер бетіне жақын қабатынан суытылған сұйықтықтың тамшыларының түсулері есебінен пайда болады. Суытылған сіркіреме -10оС-дейін. Суытылған тамшылардың температурасы олардың диаметрлеріне байланысты -1 оС-тан -10 оС-дейін өзгеруі мүмкін.

Бесінші топты сол тайғақтықтың, қар қабатының жамылғыларына – жасанды тайғақтық, яғни, қар төсемесі қалыңдауынан пайда болатын түрлері жатады. Қар өз физикалық сипаттамаларын (тығыздық, беріктілік) жүріп келе жатқан автокөлік дөңгелектерінің әсерінен өзгерту қасиетіне ие. Қар төсемесінің қалыптасу үрдісі үш сатыны қамтиды:

– тығыздығы 0,35-0,5 т/м<sup>3</sup> төсемесі пайда болу нәтижесінде қардың механикалық нығыздалуы. Бұл ретте жамылғысымен дөңгелектердің ілінісу коэффициенті 0,20-0,25 жетуі мүмкін;

– төсеменің жоғарғы қабаты бірте бірте қатуы және еруі нәтижесінде оның бетінде мұздың біртіндеп қалыптасуы. Нығыздалған қардың бетімен автокөлік дөңгелектерінің кажалуынан судың жіңішке қабықшасы пайда болады, ал содан кейін қар шөгінділерінің үлкен жылу сыйымдылығы есебінен оның мұзға кристаллдануы жүреді. Осындай шөгінділердің тығыздығы – 0,6-0,65 т/м<sup>3</sup>;

– тығыздығы 0,9 т/м<sup>3</sup>-дейін жаппай мұзға айналуына дейін төсеменің ары қарай нығыздануы мен қатуы. Ілінісу коэффициенті 0,1-0,15-дейін төмендейді.

5.6.4 Ауаның температурасы мен жамылғының күйіне байланысты [3] қолданыстағы нормативтік құжат пен МЕМСТ 33387 талаптарына сәйкес қыстық тайғақтықты жою үшін, КҚМ қолданылады. Қазақстанның автокөлік жолдарында қыстық тайғақтықтың негізгі түрлері мен сипаттамалары В қосымшасында келтірілген.

5.6.5 Қыстық тайғақтықты жою үшін автокөлік жолдарының қыстық күтімі кезінде химиялық, химиялық-фрикциондық және фрикциондық әдістер қолданылады.

Қыстық тайғақтықтың пайда болуы кезінде жүзеге асырылады:

- химиялық материалдардың көмегімен қарлы-мұзды пайда болуларды балқыту;
- жол жамылғыларымен бекітілген ернеулерінен қарлы және мұзды пайда болуларды жою;
- төсемнің бетімен автокөлік дөңгелектерінің ажырату сапаларын арттыру үшін, фрикциондық материалдармен қарлы-мұзды төсемесін өңдеу.

5.6.6 Химиялық әдісі кезінде хлорлы тұздардың негізінде, қатты химиялық реагенттерді және сұйық хлорлы ертінділерін қолданады. Ауаның температурасына байланысты химиялық реагенттерінің орналастыру нормалары [3] көрсетіген.

5.6.7 Химиялық әдісті күпсек қар және қар төсемі түрінде қыстық тайғақтықты жою үшін, сонымен қатар [3], [4] сәйкес профилактикалық өңдеу үшін қолданылуы мүмкін.

Қыстық тайғақтықпен күресу үшін өзінің физикалық-химиялық сипаттамалары бойынша, жарамды көктайғаққа қарсы материалдардың санына келесі жатады:

қатты – ас тұзы және сельвинитті үйінділердің тұздары түрінде натрий хлоры, қабыршақталған кальций хлоры, фосфатталған кальций хлоры (ФКХ);

қабыршақталған бишофит;

қабыршақталған кальций хлорының немесе ФКХ немесе бишофиттің 85-88 % құрайтын (салмағы бойынша) нығыздалмайтын қоспа, кальцийлік несепнәр нитраты (КНН), несепнәр (карбамид);

сұйық – өнеркәсіптің табиғи жер асты, жасанды, көлдің қалдықтары.

5.6.8 Химиялық заттардың еру үдерісі жылулық құбылыстарымен жүреді. Әр түрлі заттардың еру кезінде жылулық әсер, айтарлықтай, әр түрлі, мысалы, NaCl ас тұзын еріту кезінде эндотермиялық (кері), яғни жылуды сіңірумен өтетін реакциясы. Осымен натрий хлорының мұзға бастапқы әрекеті, еру реакциялары экзотермиялық (оң) және жылу (6 және 7 кестелер) бөлуінің үлкен мөлшерімен жүретін кальций хлоры немесе магний хлорымен салыстыру бойынша, біршама ақырын көрінеді. Жылу алғашқы материалдардың салқындануына қарсы әрекет етеді және мұздың еру қарқындылығын күшейтеді (МЕМСТ 7759, МЕМСТ 450, МЕМСТ 4233).

5.6.9 Химиялық-фрикциондық әдіс МЕМСТ 33387 бойынша [4] сәйкес бар әмбебап таратқыштарды орналастырудың минималды паспорттық нормалары туралы деректерді есепке ала отырып, минус 15°C-дейін ауа температурасы кезінде қыстық тайғақтықты жою үшін қолданылады.

5.6.10 Химиялық реагенттерді, әдетте тұз хлорларын құммен немесе өзге де фрикциондық материалдармен араластырған кезінде олардың қату күштері төмендейді және қоспа тиеуге ыңғайлы және жолдарда біркелкі орналастыру үшін үгілмелі, күпсек түрде сақталады.

5.6.11 Құмды тұзды қоспасының (ҚТҚ) пайыздық қатынасы 20%:80 % ауытқиды және қоспаның материалдарына байланысты зертханалық шарттармен анықталады.

5.6.12 Фрикциондық әдіс қарқындылығы 3000 авт/тәулік аспайтын автокөлік жолдарында мұзды жамылғыларының ажырату сапаларын арттыру үшін және оның үстінде қарлы-мұзды төсеме мен басқа құрылулардың болуы кезінде қолданылады. Фрикциондық материалдар ретінде МЕСТ 33387 талаптарына КҚМ сәйкестігін қамтамасыз ететін құм, кебектер, қож, қыздырылған фрикциондық материалдар қолданылады. Бұл әдіс онда бар абразивті материалдардың есебінен, уақытша жамылғысының ілініс сапасын (ілініс коэффициенті) арттырады. Жамылғыларды

қайтадан және кейінгі өндеулері жүру бөлігінің фрикциондық материалдарының 50 %-ы араласқан кезінде жүзеге асырылады. 200 г/м<sup>2</sup> астам орналастыру нормалары екі мезгіл жүргізіледі.

### 7-кесте – Көктайғаққа қарсы әр түрлі реагенттердің еру жылуы

Химиялық реагенттер	Жылу әсерінің сипаты	Еру жылуы (стандартты жағдайлар кезінде), кал./г
NaCl	Теріс	20,5
CaCl <sub>2</sub>	Оң	162,2
CaCl <sub>2</sub> ·2H <sub>2</sub> O	Оң	67,6
CaCl <sub>2</sub> ·6H <sub>2</sub> O	Теріс	20,9
MgCl <sub>2</sub>	Оң	378,1
MgCl <sub>2</sub> ·6H <sub>2</sub> O	Теріс	16,7

### 8-кесте - Химиялық реагенттердің түрлері мен олардың физикалық қасиеттері

Тұздың атауы	Химиялық формуласы	Эвтектика температурасы t <sub>э</sub> , оС	Эвтектика шоғырлануы С <sub>э</sub> , %	Стандартты жағдайларда жылу қайтаруы, кДж/г
Натрий хлоры	NaCl	-21,2	23,3	-0,0049
Алты сулы кальций хлориді	CaCl <sub>2</sub> ·6H <sub>2</sub> O	-49,8	30,5	+ 0 , 0 3 8 7
Алты сулы магний хлоры (бишофит)	MgCl <sub>2</sub> ·6H <sub>2</sub> O	-33,6	20,6	+ 0 , 0 0 4 0
Несепнәр (карбомид)	(NH <sub>2</sub> ) <sub>2</sub> CO	-14,6	30	-0,0043
Амонийлік ацетат (көмірқышқылды аммоний) ("Антиснег-1")*	NH <sub>4</sub> CH <sub>3</sub> COO	-44,9	29,6	+0,0232
Магний ацетаты	(CH <sub>3</sub> COO) <sub>2</sub> ·Mg·4H <sub>2</sub> O	-	-	+ 0 , 0 2 1 1
Натрий сульфаты	Na <sub>2</sub> SO <sub>4</sub> ·10H <sub>2</sub> O	-1,2	4,0	-0,0050

5.6.13 Фрикциондық материалдардың қарлы-мұзды шөгінділерінің бетіне жақсы бекіту үшін, оларды алдын ала 80°С -дан 100 °С-дейінгі температурада қыздырады және мұз қатқан жамылғы үстімен орналастырады.

5.6.14 Қыстық тайғақтықты жоюды автокөлік жолының барлық ұзындығында, қыстық күтімі бойынша оның үстімен жүретін мәшинелер мен механизмдердің жүру шарасы бойынша жүргізу қажет. Бағдарлы көліктік құралдары жүрістерінің үнемі жоқтығы кезінде, олардың пайдаланушылық жағдайларына 4-5 талаптары деңгейлерінің облыстық және өңірлік маңызды автокөлік жолдары үшін, бірінші кезекте қауіпті телімдерде қыстық тайғақтықты жоюды жүзеге асыру рұқсат етіледі.

Ескерту – Автокөлік жолдарының қауіпті телімдеріне бойлық еңкіштері көп, ал ҚР ҚНЖЕ 3.03-09-2006\* бойынша қажетті жоспарда қисықтардың радиустары аз, бір деңгейде қиылысулар шегінде орналасқан, елді мекенді тармақтардан өтетін, бағдарлы көліктік құралдардың аялдамаларында бар, көпірлер және төтенше тежеу қажет болғандағы өтпе жолдарда және басқалары жатады.

5.6.15 Егер қар уақытында жамылғыдан тазаланбаған және температураның кенет төмендеуі кезінде 1 см-дейінгі қалыңдықпен қарлы-мұзды төсеменге айналған болса, онда минус 15 °С-дейін ауаның температурасын [3] бойынша анықталған оны орналастыру нормаларымен ҚТҚ МЕМСТ 33387 бойынша қолдану қажет.

5.4.16 Көктайғаққа қарсы материалдарға қойылатын талаптар МЕМСТ 33387 сәйкес келуі қажет.

## **5.7 Қысқы тайғанақтың пайда болуының алдын алу**

5.7.1 Жүру бөлігінің (жол ернеулері мен бекітілген бөлу жолақтарын қоса) жаңартылған жамылғыларын алдын алу өндеуді, КҚМ-ды натрий хлорының орташаланған тарату нормасымен 35 г/м<sup>2</sup> — -5 °С-қа дейін, 60 г/м<sup>2</sup> — -5 °С-тан -10 °С-дейін жүргізу қажет:

- аса суытылған жамылғыға жаңбыр жауу;
- ауаның температурасының күрт төмендеуі (оннан -1°С-қа дейін және кіші) мен сулы жамылғы немесе жаңбыр жауудың басында;
- ақ жауындар;
- қырау;
- жол жамылғысында көктайғақтың пайда болуы.

5.7.2 Алдын алу өндеуді жүргізу туралы шешімді қабылдау диспетчерлермен және (немесе) жол ұйымдарының жауапкершілікті кезекшілерімен жүзеге асырылады.

5.7.3 Қар түріндегі жауын шашынның болуы кезінде және қарлы-мұзды төсемнің болмағаны жағдайда, КҚМ жамылғысының профилактикалық өндеуі [3] сәйкес қар жуу басталғаннан бастап жүргізіледі.

## **5.8 Көктайғаққа қарсы материалдарды цементбетон жамылғыларында пайдалану**

5.8.1 Бетонның қабыршақтануы өзімен бетінің жіңішке қабаттарының әлсіреуі мен құм, ұсақталған тас, цементті тас – бетонның компоненттерін құрайтын ұсақ бөлшектерінің ұсақталуын көрсетеді. Жамылғысының қабыршақтануы қолданылатын материалдардың техникалық нормативтеріне сәйкес келмеуі мен бетон жұмыстарының өндірісінде технологияларды сақтамағандықтан пайда болатын, цемент тасының және толтырғыштардың адгезиясы бұзылуының салдары болып табылады.

5.8.2 Пайда болу және өсу үдерісіне үлкен ықпал етеді: жол жамылғыларын гипроскопиялық көктайғаққа қарсы реагенттермен (хлорлы тұздар, нитраттар) өндеу; қозғалыстағы көліктік құралдардан динамикалық жүктемелердің әсері; климаттық факторлар (күн сәулесі таралуының термиялық әсері, тәуліктік температураның айырмасы, ауаның ылғалдылығы, жауын-шашындар);

5.8.3 Цементбетон жамылғысында қабыршықтанудың пайда болуы келесі мәселелердің сәтсіз құрылуына әкеледі:

- бетон жамылғысы қалыңдығының азаюы мен оның беріктілігінің төмендеуі;
- жамылғы бетінде ылғалды жібермеудің өсуі, бұл аязды және еру кезеңінде сындарлы көрінеді;
- тайғақтықтың пайда болуына;
- қуыстар, шұңқырлар, бөлінген жерлер мен сынулардың пайда болуына ықпал етеді.

5.8.4 СИШ типті (стирольдық-индеиндік шайыр) мұнай-полимерлік шайырлары және МЛШ-ның (мұнай-полимерлік лак-бояу шайыры) негізінде, сондай-ақ гидрофобизделінетін органикалық кремний қосылыстары (ОКК) мен мұнай-полимерлік шайырының кольматтайтын құрамдары негізінде сіңірілетін қорғаныс құрамдарымен өнделген цемент-бетонды жамылғыларында бетонның жасына қарамастан, реагенттерді қолдануға рұқсат етіледі [7].

5.8.5 Цементбетон жамылғыларының беткі қабатын өндеу (сіңірту) бетонның ұсақ тесіктері мен жарықтарына көктайғаққа қарсы реагенттер ерітінділерінің кіріп кетуін болдырмайды және көбіне жамылғылар құрылысында технологияны сақтамаған кезде пайда болған ақаулардан, жамылғысының беткі қабатының бұзылу ықтималдылығын төмендетеді.

Цементбетон жамылғыларын беткі бұзылулардан [7] мұнай-полимерлік құрамдарымен қорғау бойынша Ұсынымдарына және аэродром цементбетон жамылғыларының төзімділін арттыру бойынша Нұсқауларға сәйкес, цементбетон жамылғыларының беткі қабатына өндеу жүргізу қажет [8].

5.8.6 Химиялық реагенттер өзімен диаметрі 3-4 мм-дейін немесе ұсақ кристаллданған ұнтақ, әдетте, түсі ақ, суда тез еритін түйіршіктерден тұрады. Олардың күпсек түрде салмақтық көлемі  $0,7 - 0,9 \text{ т/м}^3$  шегінде орналасқан (9-кесте).

5.8.7 Қыстық тайғақтықтың түрлерімен күресу үшін, химиялық реагенттерді пайдалану практикасы, бұл бірнеше алуан түрлі реагенттерден тұратын араласқан қоспаларды пайдалану оңтайлы болып табылатының көрсетті (9-кесте). Бұл олардың тиімді әсерлерінің уақытын арттыруға және жемірлік белсенділігін айтарлықтай төмендетуге көмектеседі.

## 9-кесте – Цементбетон жамылғыларында тайғақтықты болдырмауға арналған химиялық реагенттердің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Химиялық реагенттер			
	АНС ТУ 113	Карбамид МЕМСТ 2061 - 7 5 А маркалы	НКМН	НКН
Химиялық реагенттердің құрамдары	Кальций нитраты, несепнәр, ОП-7 баяулат-қыш, ОП-10	Несепнәр	Кальций нитраты, магний нитраты, несепнәр, ОП-7 баяулатқыш, ОП-10	Кальций нитраты, несепнәр
Химиялық формула	$\text{Ca}(\text{NO}_3)_2 \times \times 4\text{CO}(\text{NH}_2)_2 + \text{ББЗ}$	$\text{CO}(\text{NH}_2)_2$	$\text{Ca}(\text{NO}_3)_2 \times \text{Mg}(\text{NO}_3)_2 \times \times 10\text{CO}(\text{NH}_2)_2 + \text{ББЗ}$	$\text{Ca}(\text{NO}_3)_2 \times \times 4\text{CO}(\text{NH}_2)_2$
Эвтектикалық температура, °С	-22	-12	-32	-22
Қолданудың температуралық шегі, °С	-12	-5	-20	-12
Гранулометрия-лық құрамы, %: диаметрі 1 мм-төмен түйіршік-тер, көп емес	5	5	5	5
Диаметрі 1-3 мм-кем емес түйіршіктер	93	93	93	93
Диаметрі 3 мм-астам түйіршіктер, көп емес	2	2	2	2
Үгітілгіштік, (МЕМСТ 21560.5-82 бойынша, СӨК СТ 2529-80), %	100	100	100	100
ББВ салмақтық үлесі (ОП -7 немесе ОП-10),%	2,0 - 3,5	-	1,5 - 2,2	-
Басуға түйір-шіктердің меха-никалық берікті-гі, көп емес г/түйіршіктер	400	400	400	400
Физикалық Күйі	Ақ, сары немесе сұр түсті түйіршіктер	Ақ түсті түйіршіктер	Сұр-қызғылт түсті түйіршіктер	Ақ немесе сары түсті түйіршік-тер

## 10-кесте – Түрлі реагенттер құрылысынан көктайғаққа қарсы оңтайлы қоспасын таңдау

Нұсқа №	$\text{MgCl}_2 \cdot 6\text{H}_2\text{O}$ (грамм)	$(\text{NH}_2)_2\text{CO}$ (грамм)	$\text{NaCl}$ (грамм)	Ілгерілеу күші, МПа	Ілінісу күші, МПа
1	-	-	-	0,03711	7,71
2	-	+	+	0,03493	4,03
3	+	-	+	0,02789	4,79



4	+	+	-	0,01338	5,21
5	-	-	+	0,01042	6,83
6	+	-	-	0,01424	6,18
7	-	+	-	0,00371	6,7
8	+	+	+	0,00246	3,06

Ескерту – "-" белгісі 35 г/м<sup>2</sup> болғанда, "+" белгісі 60 г/м<sup>2</sup> болғанда, орналастыру нормаларына сәйкес реагенттер орналасуының нормасы.

Ресей Федерациясының қолданыстағы нормативтік құжатының [5] мәліметтері бойынша хлорлы тұздар негізіндегі көктайғаққа қарсы материалдарды цементбетон қоспасы төселгеннен кейін бір жыл ішінде цементбетон жамылғыларында пайдалануға болмайды.

## **5.9 Құйылмалы асфальтбетоннан салынған жол жамылғыларында қысқы тайғанақпен күресу**

5.9.1 Жамылғысының (0,3 мм-ден кем кедір-бұдырлықтың орташа тереңдігімен) жатық беті бар (асфальтбетон құйылған) жол төсемесінде жаппай жіңішке мұз қабықшасы түрінде құрылған шыны тәрізді мұзбен күресу кезінде, кальций хлоры мен магний хлорының негізіндегі КҚМ қолдануға тыйым салынады. Бұл тұздарды мұздың жіңішке қабықшасын еріту мақсатында қолдану, жолда ілініс коэффициентінің жарамайтын шегіне дейін төмендететін және натрий хлорымен салыстырғанда баяу кебудің салдарынан жолдың жоғары тайғақтығының жалғасуы кезеңін арттыратын ерітіндінің пайда болуына әкеледі [5].

5.9.2 Құйылмалы асфальтбетон жамылғыларында жіңішке шыны тәрізді мұз қабықшаларын натрий хлоры мен ацетаттар немесе аралас материалдардың негізде КҚМ көмегімен жояды. 0,3 мм астам кедір-бұдырлықтың орташа тереңдігі бар жол жамылғыларында көктайғаққа қарсы материалдардың барлық түрлері қолданылуы мүмкін. Бұл ретте жамылғылардың беткі қабатын өңдеу кезінде автокөлік жолдарының қыстық күтімінде асфальт-бетоннан құйылған жамылғылар алдында, айтарлықтай қасиеті бар.

## **5.10 Күпсек қар кезінде қыстық тайғанақпен күресудің әдістері**

5.10.1 Күпсек қар жол жамылғысында қабаттың қалыңдығы бойымен тегіс түрінде қалдырылады. Жана жауған қардың тығыздығы 0,06-дан 0,20 т/м<sup>3</sup>-дейін өзгере алады. Құрамында ылғалдың болуына байланысты қар құрғақ, ылғалды және дымқыл болуы мүмкін. Жол жамылғысында күпсек қар қабатының болуынан жамылғысымен бірге шиналардың ілініс коэффициенті 0,2-дейін төмендейді [5].

5.10.2 Жол жамылғысында күпсек қардың шөгінділері желсіз ауа райы кезінде қатты жауын шашындардың түсуі кезінде пайда болады. Қардың күпсек қалыпта

сақталуы ауаның температурасы  $-10\text{ }^{\circ}\text{C}$ -төмен кезінде мүмкін, себебі ауаның төмен температуралары кезінде қардың автокөлікпен нығыздалу үдерісі баяулайды, ал ауаның температурасы  $-6\text{ }^{\circ}\text{C}$ -тен  $-10\text{ }^{\circ}\text{C}$ -кезіндегі қар, ауаның 90 %-аз қатысты ылғалдылығынан нығыздалмайды.

5.10.3 Қар төсеуінің пайда болуын ескерту мақсатымен жұмыстар технологиясы қар жауу кезінде, химиялық немесе қар жауу кезінде жаңа жауған күпсек қар автокөліктердің жүрісінен нығыздалмағанға дейін, аралас КҚМ тікелей орналастыруды қарастырады. КҚМ таратуға (қатты немесе сұйық) жүру бөлігінде, онда химиялық КҚМ бекітуге жеткілікті қар қабаты пайда болғаннан кейін кіріседі. Бұл жамылғыға түскен жаңа қарды күпсек түрінде сақтап тұруға көмектеседі. Қар жауып болған соң жол жамылғысынан қартазалағыш мәшинелердің көмегімен қарды алып тастау қажет.

## **5.11 Жасанды құрылыстарды қысқы күту**

5.11.1 Жасанды құрылыстар (көпірлер, өтпе жолдар, эстакадалар және т.с.с.) жолдардың қауіпті телімдеріне жатады, сондықтан оларда қыстық тайғақтықты кешенді жою бойынша жұмыстарды бірінші кезекте жүргізу қажет.

5.11.2 Қыстық кезеңнің басында жамылғы бұзылыс орындарын және құрылыстың, әсіресе, гидрооқшаулаумен бұзылған ашық металл арматураларымен, деформациялық тігістер және су бұрғышпен барлық құрылымдық элементтерін мұқият бітеу қажет. Тоттан және ластанудан тазалау бойынша, металл элементтерін және құрылымдарды лактық-сырлық материалдармен бояу жұмыстары жүргізіледі.

Темірбетон және металл көпірлерде құрамында хлоридтері жоқ КҚМ қолдану қажет

5.11.3 Құрамында хлоры бар КҚМ қолдану кезінде осы материалдардың әсеріне ұшыраған, жасанды құрылыстардың (қоршаулар, жаяужол және ернеу блоктары, шеткі бөренелерінің шығыныңқы жерлері, беларқалар, саптамалар) бетон элементтерін гидрофобизделген құрамдармен өндеу қажет [5].

Гидрофобизделген құрамдармен бетон беттерін өндеулерінің мерзімділігі — екі жылда бір рет.

Гидрофобизаторлар болмаған жағдайда бетонды өндеуді антикоррозиялық қоспамен үш жылда бір рет жүргізеді.

5.11.4 Егер көпірлер, эстакадалар, өтпе жолдарында (беларқалар, саптамалар, жаяужолдардың шығыңқы жерлері және т.с.с.) қар қалыңдығы 10 см асатын болса, онда қарды тазалау қажет. Бірінші кезекте құрылыстың оңтүстік жағын тазалау қажет.

5.11.5 Қысқы маусымның аяқталуы алдында арналарды келтіретін және бағыттайтын құбырлардың саңылауларын тазалау қажет.

5.11.6 Көктемде, қыстық жұмыстар аяқталған соң, жасанды құрылыстарда, олардың арнайы жуатын құралдармен немесе ауаның температурасы жоғарылаған сайын күшейетін коррозияны болдырмас үшін сумен шаюын жүзеге асыру қажет.

5.11.7 Қардың көпірлер мен өтпе жолдарының жаяужолдарына түсуін шектеу мақсатында механикалық қар тазалауды орындау кезінде, металл тосқауылды қоршаулардың секциялары астына уақытша қалқандарды орнатуға рұқсат беріледі.

5.11.8 Жаяу жүргіншілер жүретін орындарда жасанды құрылыстардың жаяужолдары МЕМСТ 33181 сәйкес мерзімінде қардан тазартылады, тазалаудан кейін МЕМСТ 33384 бойынша олардың КҚМ-мен өндеуі жүргізіледі.

5.11.9 Жасанды құрылыстан тазартылған қарды орнатылған нақты ұсыныстардың ретімен, су нысаналарының жағалаулар мен су қорғау аймақтарының шектеріне шығару қажет.

Жол ернеулерінің (жаяужолдар) жүру бөлігіне, өтпе жолдың су арналары шеттерінде пайда болатын, салбырап тұрған қызылсу мұздарының өздігінен құлауларын болдырмас үшін, автокөлік жолдарының күзет тексерулері кезінде оларды сындыру қажет.

## 5.12 Таулы жолдарды көшкіндерден қорғау

5.12.1 Қауіпті көшкінді телімдерде жолдарды қар көшкіндерінен қорғау, арнайы көшкінге қарсы іс-шаралар көмегімен жүзеге асырылады, олар [5]:

- көшкінді болдырмайтын (жолға қар көшкіндерінің түсуін болдырмайды);
- көшкіннен қорғайтын (автомобиль жолдары мен ондағы құрылыстардың мүмкін болатын экономикалық зақымдары мен көлемдерін минимумға дейін төмендетеді және көшкіндердің жойылуын қамтамасыз етеді);
- алдын алу (бірен-саран жойылуларды қамтамасыз етеді, жолға және құрылыстарға келетін экономикалық зақымды азайтады, адамдардың өлімін болдырмауына мүмкіндік береді және жол үстімен тасылатын жүктердің сақты жетулерін қамтамасыз етеді).

Көшкіндерге қарсы іс-шаралардың кешені 11-кестеде көрсетілген.

## 11-кесте – Көшкінге қарсы іс-шаралар кешенінің құрамы

Іс-шаралар	Жұмыстардың түрлері	Жұмыстардың құрамы
Көшкінді болдырмайтын	Қарды ұстап қалу Қарды бірыңғайлау.	Қарды ұстап қалатын қоршаулар, қарды ұстап қалатын қабырғалар, тіреуіштер жүйесін құру; Бөктерді сатылау; қарды үрлейтін қоршаулардан, қарды ұстайтын орлардан, кольктафельдерден, орман отырғызуларынан қарды реттейтін жүйелерді құру.
	Қар жамылғысын тұрақтандыру	Қарды механикалық немесе химиялық әдіспен бекіту.

Көшкіннен қорғағыш	Көшкіндер қозғалыстарының бағыттарын өзгерту	Бағытталған және ұрғыш бөгеттерді, қабырғалар мен көшкін кескіштерді құру; Жасанды арналар мен ойықтарды құру.
	Жол үсті немесе астымен көшкіндерді өткізу	Галереялар, қалқалар, көпірлер, эстакадалар, виадуктарды құру.
Алдын алу	Ұйымдастырушылық	Көшкінге қарсы қызметті немесе жүруді тоқтату мен шектеу үшін, осындай өзара әрекетті құру; Хабарландыратын дабылдамасын орнату.
	Жасанды құлау	Көшкіндерді артиллериялық жүйелерден ату, алдын ала салынған жарылғыш заттармен қопару және өзге де әрекет ететін (мысалы, акустикалық) тәсілдердің көмегімен құлату.

5.12.2 Қар жамылғысынан есептік жүктемелер арнайы есептер негізінде, әр қауіпті көшкінді телімдер үшін орнатылады. Есептің нәтижесі бойынша автокөлік жолдарын көшкіндерден қорғау үшін, іс-шараларды және құрылыстарды таңдау жүргізіледі.

5.12.3 Бөктерінде қар жамылғысын ұстап қалу үшін орман отырғызуларын қолдану кезінде, олармен бөктерінің аяқ астыларындағы 20-30 метр қашықтықтағы телімнен басқа барлық көшкінді қауіпті бөктері жабылуы қажет. Бөктеріндегі өсімдіктер шахматты түрде қатарлар арасында 2 метр қашықтық кезінде бір қатарда 1 метрден орналасулары қажет.

5.12.4 Қардың сырғуын болдырмас үшін, және де 25° астам құламасы бар бөктеріндегі жас өсімдіктерді қорғау үшін, 1 метрден астам (5% артуықтималдылығымен) қар жамылғысының орташа көпжылдық биіктік кезінде қарды ұстап қалатын құрылыстар (қабырғалар, қысқа бағаналар, тіреуіштер және т.б.) орнатылады.

5.12.5 Көшкіндердің қозғалысын және олардың тоқталуларын өзгерту үшін, көшкінге қарсы қорғаныс көшкін кескіштер мен бөгеттер (жекелеген жағдайларда топырақтың төккіші орналасқан тік темір бетонды немесе бетонды қыры бар трапециялы қима) қолданылады. Бөгеттің құрылымы мен өлшемдері бөктердің тіктігі мен көшкін жинаушы алабына байланысты есебімен анықталады.

5.12.6 Таулы жолдарда көшкіндерден пайда болған қар үйінділерін жол өтетін жергілікті жердің бедеріне байланысты, әр түрлі тәсілдермен тазартады. Тазалауды роторлы қар тазалағышпен орындаған дұрыс.

Еңісті жерлердің етегінде аңғар түбімен өтетін аласа үйінділері бар телімдерде, қар шөгінділерін жол төсемесіне дейін, биіктігі 2 м және ені 1 м-ден кем емес ойықтар қалдырып, қабатпен жоғарыдан төменге қарай тазалайды.

Үйінділердің үлкен биіктіктерде, қауіпсіздік техникасына қарай үйіндінің түбіне дейін бірден ор қазу мүмкін емес. Барлық тазалау жолағының еніне, кезекті өткелдермен қабатын шешіп тазалау қажет. Жартылай қазынды-жартылай үйінділерде үйінділерді қарды аласа құламаның жағына қарай ауыстыру арқылы тазалайды.

5.12.7 Бойлық бағытта үйінділерді екі тәсілмен роторлы қартазалағышпен тазалайды. Егер үйіндінің ұзындығы үлкен болса, онда жұмыс тыстау бойынша орындалады. Үйіндінің шағын ұзындығы кезінде тазалау айналымдарсыз орындалады. Қартазалағыш үйінділерді көлбеу қабаттарымен мүмкін үлкен бұрышпен көлденең жазықтыққа өндейді.

5.12.8 Бұралаң тау жолдарында қарды тазалау кезінде қарды әмбебап қайырмалары бар бульдозерлермен құламалар астына құлатады. Роторлы қартазалағыштарды қолдану кезінде радиустары кіші болғандықтан қарды тазалау қысқа "шабу-кесіп алулармен" жүргізіледі.

### **5.13 Мұз бетімен күресу**

5.13.1 Мұз бетімен күресу үшін, мұз бетінің пайда болуларын, бедерінің және жергілікті жердің топырақты-геологиялық ерекшеліктерінің, жол бойымен көліктік құралдардың қозғалу қарқындылығын және басқа да факторларының сипаты мен себептерін есепке алумен таңдалатын әр түрлі инженерлік іс-шараларды қолданады [5].

5.13.2 Жауын шашынның көлемі үлкен, әсіресе, күзгі кезеңде, және де қар жамылғысының айтарлықтай биіктігімен өңірлердің тау баурайларында суды жылынған арықтар бойымен бұру арқылы жіберіп мұздың пайда болуларына жол бермейді.

Арықтардың қимасы бөктері 5 %-кем болмаған кезде 0,2×0,3 м кем емес қабылданады. Арықтарды бүкіл ұзындық бойы мүк басу, шымтезекпен немесе қалыңдығы 0,3 м кем емес басқа да жылытқышпен жылытады.

5.13.3 Аңғарлардың ағын суларында мұз бетінің пайда болуларын ескерту үшін, арналарды тереңдетеді және тегістейді, ілмектер мен ескі өзендерді кеседі, сонымен қатар арнаның кенет кеңеюін түзетеді.

5.13.4 Жолдың жер жамылғысына ағып келетін мұздың жолға шығып кетуін болдырмау мақсатында, суды тікелей қызылсу мұзында жасалатын ашық арықтар бойымен бұрып жібереді.

5.13.5 Мұздың жүйелік пайда болу телімдерінде, жолдың жер жамылғысы бойымен үйіндінің табанынан 5 м қашықтықта немесе ойықтың кесілген жерінен 8 м қашықтықта себілетін құрғақ емес топырақтардан жасалған (саз) биіктігі 1,2 – 2,0 м үнемі ұстап тұратын жалдар орнатылады.

Өзендер аңғарларында аса дамыған мұздың болуы кезінде, сүзгіш қабаты бар жалының табаны бойымен құрғақ емес топырақтардан жасалған бағыттауыш жалдар орнатылады. Бұл ретте бағыттауыш жалдары арнаны тегістеу және тереңдетумен сәйкес қолданылады.

5.13.6 Сіңіру-шегендеу құрылғыларын тұрғызу, тау баурайында мұздың пайда болуларына жол бермейтін тиімді іс-шара болып табылады.

5.13.7 Жолдарда пайда болған мұзбен күресу үшін, оларды химиялық немесе физикалық әдістермен жою бойынша іс-шаралар жүзеге асырылады.

## **5.14 Қысқы күту бойынша орындалған жұмыстар туралы есеп**

Жол ұйымдары орнатылған тәртіпте жол бойымен жүру жағдайы, қыстық тайғақтық, ЖКО, КҚМ қалдықтары мен жанар-жағармай материалдары (келесі — ЖЖМ) туралы, сондай-ақ автокөлік жолдарының қыстық күтімдері кезінде мәшинелер мен механизмдердің жұмыстары туралы, осы ақпаратты автокөлік жолдары бойынша уәкілетті мемлекеттік органының жедел-диспетчерлік қызметінің орталығына жіберетін жол иелерінің диспетчерлік қызметтеріне ақпараттандыру қажет. Ақпарат нысаны - А, Б қосымшаларына сәйкес

## **6 Еңбекті қорғау**

6.1 Автомобль жолдарын қысқы күтуді қамтамасыз ететін жұмысшылар үшін, жылыну, демалу, ас ішумен арнайы киімдері мен аяқ киімдерін кептіру үшін ғимарат жабдықтау қажет. Жұмысшылардың орналасу орындарында әжетханалардың (биоәжетхана) болулары қажет.

6.2 Автомобль жолдарында жұмыстарды өңдеу орындарын жайластыру ҚР СТ 2607 сәйкес жүзеге асырылады.

6.3 Бірнеше қартазалағыштардың бір уақытта, бір бағытта, жұмыс істеуі кезінде олардың араларындағы ара қашықтық 15 м-кем емес болуы қажет.

6.4 Роторлы қартазалағыштың жұмысы кезінде мәшиненің артқы дөңгелегінің шетінен жер жамылғысының жиегіне дейін 1 м-кем емес ара қашықтықты ұстап жүру қажет.

6.5 Аспалы жабдықтың қасында иірмек жағынан 1,5 м-ге жақын тұруға болмайды, сонымен қатар қартазалағыштың қозғалтқышының толығымен тоқтағаны және өшкеніне дейін, аспалы жабдықтың астынан бөгде заттарды шығаруға болмайды.

6.6 Қартазалағыштың аспалы жабдығын көтеру және түсіру алдында, бұл әрекет жаяу жүргінші мен қозғалыстағы көліктік құралға ешқандай қауіп төндірмейтініне көз жеткізу қажет.

6.7 Автомобль жолдарына себу үшін қасат және жатып қалған КҚМ тиеуге тыйым салынады. Бункерде көліктік құралға құмның мұздаған түйірлерінің түсуін болдырмайтын торы болуы қажет.

6.8 Бункер астына материалдарды тиеу үшін эстакадасы немесе конвейері қабылданатын жүктемелердің есебінен беріктілікке есептелінген болуы қажет.

6.9 Қатардан бункерге құмды беру кезінде тиегіштің қозғалысын шектеу үшін, тәуліктің кез келген уақытында жақсы көрінетін дабылдағыш белгілерін орнату,

тиегіштің бункерді басып кету мүмкіндігіне кедергі келтіретін тіреуішті жабдықтау қажет.

6.10 Базаның аймағында құмды-тұзды шашыратқышқа тиегіштің көмегімен КҚМ-ды тиеу кезінде келесі талаптарды сақтау қажет:

- табиғи құламаның бұрышын сақтай отырып қатардан КҚМ тиеу;
- қатарда салбыраған қабақтарын болдырмау.

6.11 Рұқсат етілмейді:

- КҚМ тиеу кезінде тиегіш пен құмшашыратқыш арасында жұмысшылардың болуы ;
- жүретін автокөліктерде, шанақтарда, басқыштарда жұмысшылардың жүрістері;
- тиегіш мәшинесінің жұмысы кезінде КҚМ құмды-тұзды шашыратқышта тарату;
- тиелініп жатқан көліктік құралдарының жанында қандай да бір жұмыстардың өндірісі.

6.12 КҚМ тиеу және қаттау кезінде келесі талаптар қолмен жасалынуы қажет:

- жұмыс бастамас бұрын тиеу орындарын қарап шығу қажет, қатқан құмның салбыраған қабақтарын құлату, үйінділерді бұзу және тиегіш көлікті кездейсоқ опырылу кезінде оның құммен басылып қалмайтындай етіп орнату қажет; үңгір қазу әдісімен жұмыс істеу рұқсат етілмейді;

- құмды көліктік құралға жұмысшылар арасындағы қауіпсіз қашықтықты сақтай отырып, тек бір жағынан ғана тиеу қажет;

- бірнеше жұмысшыларының бірлесіп жұмыс істеулері кезінде, олардың араларындағы ара қашықтық жұмыстардың қауіпсіз өндірісі үшін жеткілікті болу қажет.

6.13 КҚМ тарату тек құмсепкішті пайдалану арқылы механикаландырылған әдіспен жүзеге асырылу қажет

Құмсепкіштің жүрісі автокөліктердің жалпы ағындарында, бірақ оларды озып кетусіз жүрісіне рұқсат етіледі.

6.14 КҚМ жүріп келе жатқан көліктік құралдың шанағынан қолмен шашуға болмайды.

6.15 Бағдарлы көліктік құралдарының аялдамаларында және жаяу жолдарда жолаушылар үшін алаңдарға КҚМ қолмен қатардан себуге рұқсат етіледі.

6.16 КҚМ себу кезінде құмсепкіштің бункерінде болуға рұқсат етілмейді.

6.17 Қардан қорғаныс қалқандарын және қазықтарын тасымалдау кезінде жұмысшының көліктік құралдың шанағында болуына рұқсат берілмейді.

6.18 Қазықтарды, ұшталған аяқтарымен жұмысшыларды жаракаттап алмайтындай етіп сақтау қажет.

6.19 Автомобль жолдарын қысқы күту бойынша жұмыстарды орындайтын жұмысшылар, бекітілген нұсқаулыққа сәйкес еңбекті қорғау жөнінде нұсқамалықты өтулері қажет.

## **7 Қоршаған ортаны қорғау**

7.1 Автомобль жолдарын қысқы күту үдерісінде, табиғи ортаға натрий хлорының теріс әсерін төмендету үшін, келесі талаптарды орындау қажет:

- КҚМ тарату кезінде қыстық тайғақтықтың, ауаның температурасы мен жүру бөлігінде қарлы-мұзды пайда болулардың қалыңдықтары түрлерінен шыға, соңғы себу нормаларын қатаң түрде сақтау қажет;

- натрий хлорын фрикциондық материалдармен араластыру, кристаллданған натрий хлорын қаттау және сақтау, су бұрғышымен қамтамасыз етілген, топыраққа ерітінділердің сіңіруін болдырмайтын тұзды суларды жинайтын құдықтардың орнатуларымен бірге асфальт-бетон жамылғылары бар алаңдарында жүзеге асырылуы қажет.

7.2 ҚТҚ дайындау және сақтау үшін ӨСЖ орнату орнын, сондай-ақ ҚТҚ және натрий хлорын сақтау үшін, қоймалардың орнатулары мен орналасу орындарын таңдауды орнатылған заңды тәртіпте қамтамасыз ету қажет.

КҚМ дайындау мен сақтау үшін қоймалар мен арнайы алаңдарды, шаруашылық ауыз сумен жабдықтау көздерінің су қоймалары мен санитарлық қорғаудың аймақтарының, суды қорғау аймақтары мен жағалаудағы белдеулері шектерінен тыс орналастыру қажет.

7.3 Өсімдіктерге, топыраққа, беткі және топырақты суларға көктайғаққа қарсы материалдардың теріс әсерлерін төмендету мақсатында, қамтамасыз ету қажет:

- КҚМ минималды тарату нормаларымен нығыздалған қардың пайда болуларын жою үшін, жүру бөлігін алдын алуға өндеуді кең қолдану;

- қар тазалау технологиясын оңтайландыру;

- жол құрылысын салу жобаларында, ұстап қалу мен бұрып жіберетін дренаждар немесе жол бойғы жолақтың көлденең еңісінің жырасы жағына орнату жолымен су жинаушы құдықтар құрылғысымен 5% кем емес еріген қар суларын бұру.

7.4 Қоршаған ортаның жағдайына көк тайғаққа қарсы материалдардың әсер ету мониторингісі, Қазақстан Республикасының табиғи ресурстары және қоршаған орта (жерасты және жерүсті сулары, өсімдік және жануар әлемі, топырақтар) саласында уәкілетті мемлекеттік органының анықталған ретімен жүзеге асырылады.

7.5 Автомобль жолдары бойынша уәкілетті мемлекеттік орган және оның бөлімшелері [1] сәйкес, автокөлік жолдарының жол бойғы жолақтарының ластану деңгейлерін бақылауды ұйымдастырады.

7.6 Тиісті техникалық-экономикалық негізінде автокөлік жолдарының құрылысы мен қайта құруларының жобалық құжаттамасын әзірлеу кезінде, шығарылған қарды орналастыру үшін арнайы алаңдарды қарастыру қажет.

## **8 Қыс кезеңінде жол ұйымдарымен жүргізілетін бақылаулар**



8.1 Автомобль жолдарын қысқы күту бойынша жұмыстарды тиімді ұйымдастыру үшін, автокөлік жолдарының нақты телімдерінің қар басуларына ұшырағыштығы туралы, қар келу көлемі туралы нақты деректер болу қажет, сондай-ақ қыстық тайғақтықтың жиі пайда болатын автокөлік жолдарының телімдерін белгілеу қажет. Бұл деректер автокөлік жолдарының иелерімен немесе олардың бөлімшелерімен жүзеге асырылатын көпжылдық бақылаулардың жолымен алынуы қажет.

8.2 Жауған қарлардың көлемдері туралы нақты деректердің болуы, жергілікті табиғи-климаттық факторлардың есебінен, әр түрлі қыстарда жауған қарлардың көлемдері ауытқуларының шектерін орнатуға мүмкіндік береді.

8.3 Жауған қар көлемдерінің жыл сайынғы жүйелік бақылауларын жүргізу үшін, қар өлшеуіш тармақтары орнатылады, олардың орналасуы мен бақылау көлемдерінің сипаттамалары Г қосымшасына сәйкес рәсімделеді. Қар өлшеуіш тармақтары, автокөлік жолдары, олардың пайдалану күйлеріне 1-3 талаптары деңгейлерінің қар басатын телімдерінде, бір-бірінен 50 шақырымнан кем емес қашықтықта, қарды ұстап тұратын тығыз және биік отырғызулардың немесе уақытша кедергілердің жанында орнатылады. Жол иесінің шешімі бойынша, қар өлшеуіш тармақтары 4-5 талаптары деңгейлерінің оларды пайдалану күйлеріне автокөлік жолдарында орнатылуы мүмкін.

8.4 Күз-қыс кезеңінің басталуына дейін қар өлшеуіш тармақтарын 0,5 шақырымнан төмен емес қар жинауыш алаптарының ені мен жанасатын телімдерінде, жолдың осіне тік бұрышпен кесе-көлденең түрде орнатылады. Кесе-көлденеңді ағаш тақтайшаларының жармасымен бекітеді, оларды 3 м арқылы қояды. Тақтайшалардың аз қашықтығында отырғызулардың ішіне және кедергілердің жел және ық жақтарына жақын орнатылады.

